

## **"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 15 қаңтар N 140-II

1-бап. "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 7, 225-құжат; N 20, 731-құжат; N 21, 783-құжат; N 23, 916, 928, 930-құжаттар) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бапта:

екінші абзацтағы "атқарушы" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын; төртінші абзац "ақша қоры" деген сөздерден кейін "(қалыптастыру көздерін Қазақстан Республикасының Президенті айқындап, Қазақстан Республикасының Президенті құратын қорлардан басқа, бұл қорлар қызметінің нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне хабарланады)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"бюджеттік кредиттеу (кредиттеу) - белгіленген тәртіппен бюджеттен жеке және заңды тұлғаларға, төмен тұрған бюджеттерге қайтарымды және ақылы негізде ақша бөлу. Төмен тұрған бюджеттерді кредиттеу заңдарда көзделген жағдайларда тегін жүзеге асырылуы мүмкін;"

сегізінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

оныншы абзац "және жобаларды іске асыру" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"уақытша бос бюджеттік ақшалар - ағымды жылғы бюджеттің атқарылуы барысында бюджеттердің ағымдағы шоттарында қалған қаражат қалдықтары;"

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті атқарушы органның борышы - жергілікті атқарушы органның алынған және өтелмеген заемдарының, сондай-ақ жергілікті өкілді органның шешімдерімен жергілікті атқарушы органның борышына жатқызылған белгілі бір күнге борыш міндеттемелерінің сомасы;"

мынадай мазмұндағы он алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"бірыңғай қазынашылық шот - аударым операцияларын орталықтандырылған түрде жүзеге асыру және олардың күнделікті есебін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылатын шот;"

он алтыншы абзацтағы "облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің"

деген сөздер "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;  
он жетінші абзацтағы "облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері"

деген сөздер "жергілікті атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;  
он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет профицитін пайдалану - заем қаражатының түсімдерін және қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтарын шегергендегі негізгі борыштың сомасын өтеу көлемі;"

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"кассалық алшақтық - қаржы жылының ішінде шығыстар мен кредиттеу, негізгі борыш сомасын өтеу көлемінің қаржы жылының бас кезінде бюджетке түсімдер, заемдар, бюджет қаражатының бос қалдықтары көлемінен асып кетуі;"

он тоғызыншы абзац алып тасталсын;

жиырмамыншы абзацтағы "арнаулы экономикалық аймақтардың қаржы қорлары ( бюджеттері)," деген сөздер алып тасталсын;

жиырма бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті бюджеттік бағдарлама - тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің құрамында жергілікті өкілді орган бекітетін мемлекеттік міндеттерді орындауға және жергілікті маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарлама;"

жиырма алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"үкіметтік борыш - алынған және өтелмеген үкімет заемдарының, сондай-ақ заң актілерімен үкімет борышына жатқызылған белгілі бір күнге борыш міндеттемелерінің сомасы;"

жиырма сегізінші абзацтағы "үкіметтік және үкімет тартатын, соның ішінде үкіметтік кепілдік берілген қаражаттарды экономиканың басым секторлары бойынша" деген сөздер "үкіметтік және Қазақстан Республикасының Үкіметі тартатын қаражаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылатын қаражаттарды экономиканың басым секторлары бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

отыз екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық бюджеттік бағдарлама - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің құрамында Қазақстан Республикасының Парламенті бекітетін мемлекеттік міндеттерді орындауға және республикалық маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарлама;"

мынадай мазмұндағы отыз үшінші абзацпен толықтырылсын:

"қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтары - есепті кезенді ескере отырып ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша өткен қаржы жылында бюджетке түскен ақшаны пайдаланбаудың салдарынан пайда болған өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттер қаражатының

қалдықтары;"

отыз тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет тапшылығын қаржыландыру - негізгі борыштың сомасын шегергендегі заем қаражатының және қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтарының бюджетке түсетін түсімдерінің көлемі;"

2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Бюджетті әзірлеудің негізі

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары және жергілікті өкілді органдар Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауына сәйкес бекітетін тиісті кезеңге арналған аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары алдағы қаржы жылына арналған бюджеттердің жобаларын әзірлеу және мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін ұзақ мерзімді жоспарлау үшін негіз болып табылады.";

3) 3-баптың 4-тармағындағы "қалыптастыру" деген сөз "әзірлеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 4-бапта:

3-тармақтағы "ұлттық компаниялар түсімдерінің" деген сөздер "мемлекеттік акциялар пакеті бар акционерлік қоғамдардан және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардан алынатын түсімдердің толық тізбесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "жоспарының" деген сөзден кейін ", аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "жариялылығы" деген сөзден кейін "бекітілген бюджеттер мен" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 5-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) осы Заңмен және басқа да заң актілерімен кірістерді республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлу нормативтерін, облыстық өкілді органдардың шешімдерімен кірістерді облыстық бюджет пен аудандар (қалалар) бюджеттерінің арасында бөлудің тұрақты нормативтерін белгілеуге;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының заң актілерімен республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялардың және облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке берілетін бюджеттік алулардың ұзақ мерзімді мөлшерлерін, облыстық өкілді органдардың шешімдерімен - облыстық бюджеттен аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне берілетін субвенциялардың және аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен облыстық

бюджетке берілетін бюджеттік алулардың ұзақ мерзімді мөлшерлерін белгілеуге;"

3) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржыларды басқаруға жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда

және жергілікті бюджет туралы жергілікті өкілді органдардың шешімдерінде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылының аяғындағы борышының лимитін белгілеуге;"

б) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Бірыңғай бюджеттік сыныптама

Бірыңғай бюджеттік сыныптама функционалдық, ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша бюджетке түсетін түсімдердің және бюджеттен жұмсалатын шығыстардың топтастырылуын белгілейтін нормативтік құқықтық акт болып табылады.

Бірыңғай бюджеттік сыныптама:

кірістер сыныптамасынан;

шығыстардың функционалдық сыныптамасынан;

шығыстардың экономикалық сыныптамасынан тұрады.

Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітеді.";

7) 7-бапта:

1) тармақшадағы "(арнайы экономикалық аймақтардың қаржы қорларына (бюджеттеріне) есептелетін сомалардан басқа)" деген сөздер алып тасталсын;

а) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Астана қаласының аумағында салық төлеушілер ретінде тіркелген заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы;"

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қаласының аумағында салық төлеушілер ретінде тіркелген тұлғалар өндірген тауарларға, көрсеткен қызметтерге салынатын қосылған құн салығынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, көрсетілген қызметтерге салынатын қосылған құн салығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

аумағына импортталатын тауарларға, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге салынатын қосылған құн салығы";

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Астана қаласының аумағында салық төлеушілер ретінде тіркелген тұлғалар өндірген тауарларға, көрсеткен қызметтерге салынатын қосылған құн салығы - 50%";  
жиырмамыншы абзац "арнайы жабдықталған стационарлық пункттерден түпкілікті тұтынушыға сатылатынынан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма бірінші абзац "арнайы жабдықталған стационарлық пункттерден түпкілікті тұтынушыға сатылатынынан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма бесінші абзац алып тасталсын;

жиырма жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"әкелінетін тауарларға салынатын кеден бажы";

мынадай мазмұндағы жиырма сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"әкетілетін тауарларға кеден бажы";

отыз екінші абзац "Қазақстан Республикасының" деген сөздердің алдынан "жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүріп өткені үшін алымдардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақшасында:

бесінші абзацтағы "орталық атқарушы органдарға бағынысты" деген сөздер "республикалық бюджеттен қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша өткізілетін лотереялардан алынатын кірістерді қоспағанда, мемлекеттік лотереялардан алынатын кірістер";

оныншы абзацтағы "орталық атқарушы органдарға бағынысты" деген сөздер "республикалық бюджеттен қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

он екінші абзацтағы "орталық атқарушы органдарға бағынысты" деген сөздер "республикалық бюджеттен қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші абзацта "төлемдер" деген сөз "төлем" деген сөзбен ауыстырылсын;

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы жерлерін ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қойған кезде ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуден түсетін түсімдер";

он жетінші абзацтағы "орталық атқарушы органдарға бағынысты мемлекеттік мекемелер" деген сөздер "орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"республикалық маңызы бар мемлекеттік автомобиль жолдарының жиегіне сервис және жарнама объектілерін орналастырғаны үшін алынатын төлем;

тәркіленген мүлікті, белгіленген тәртіппен республикалық меншікке өтеусіз өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер, оның ішінде мемлекеттің пайдасына бас тартудың кеден режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдары;

Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке куәліктерін бергені үшін төлем;

заңсыз алынған мүлікті өз еркімен тапсырудан немесе өндіріп

алудан немесе мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілетті тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз көрсетілген қызметтердің құнын өндіріп алудан алынатын сомалардың түсімдері;

өнімдерді лицензиясыз әкеткені үшін төленетін айыппұл сомаларының түсімдері;

лицензиялық тәртіп белгіленген казино, тотализаторлар мен ойын бизнесі қызметтерінен алынған кірістерді қоспағанда, өзіне лицензиялық тәртіп белгіленген лицензиясыз қызметтен алынған кірістерден түсетін түсімдер;

атқарушылық санкция.";

он тоғызыншы абзац алып тасталсын;

в) тармақшасының төртінші абзацы алып тасталсын;

8) 8-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "облыстар" деген сөз "облыстар бюджеттері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

9) 9-бапта:

1-тармақта:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету;"

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"қауіпсіздікті қамтамасыз ету;"

мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"республикалық деңгейдегі жалпы орта, орта кәсіптік және қосымша білімді;"

он үшінші абзацтағы "арнаулы" деген сөз алып тасталсын;

он төртінші абзацтағы "атқарушы" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық деңгейде азаматтарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін;"

он алтыншы абзацта:

"арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды" деген сөздер "заң актілеріне сәйкес республикалық бюджеттен арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды алатын азаматтардың санаттарына осы жәрдемақыларды, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды, зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды жерлеуге берілетін жәрдемақыларды;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы он жетінші абзацпен толықтырылсын:

"республикалық деңгейдегі әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек саласындағы қызмет;"

жиырма екінші абзац "өнеркәсіп" деген сөзден кейін ", көлік" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін республикалық бюджеттен басқа, өзге де қаржыландыру көздері есебінен ұстауға жол берілмейді.;"

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Республикалық бюджеттен шығыстар мен кредиттеудің жекелеген бағыттары бойынша немесе жекелеген республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңдағыдан басқа, өзге де нормативтік құқықтық актілерде шығыстар мен кредиттеудің ең аз, шекті немесе тіркелген мөлшерлерін белгілеуге жол берілмейді.;"

10) 10-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

2-тармақта "өздерінің аумағында жұмыс істейтін арнайы экономикалық аймақтарды ескере отырып," деген сөздер алып тасталсын;

11) 11-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "(арнайы экономикалық аймақтардың қаржы қорларына ( бюджеттеріне) есептелетін сомалардан басқа)," деген сөздер алып тасталсын;

а) тармақшасында:

екінші абзац "заңды тұлғалардан" деген сөздердің алдынан "Астана қаласының аумағында салық төлеушілер ретінде тіркелген заңды тұлғаларға салынатын табыс салығынан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Астана қаласының аумағында салық төлеушілер ретінде тіркелген

тұлғалар өндірген тауарларға, көрсеткен қызметтерге салынатын қосылған құн салығы - 50%";

мынадай мазмұндағы он төртінші, он бесінші және он алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"арнайы жабдықталған стационарлық пункттерден түпкілікті тұтынушыға сатылатын бензин (авиациялық бензинді қоспағанда);

арнайы жабдықталған стационарлық пункттерден түпкілікті тұтынушыға сатылатын дизель отыны;

лотереялар өткізуден алынатын акциздер;"

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"әлеуметтік салық;"

он алтыншы абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жиырма сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүріп өткені үшін алымдар;"

б) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар пайдасының үлесі;"

үшінші абзацтағы "жергілікті өкілді органдардың лотереяларын өткізуден" деген сөздер "жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша өткізілетін мемлекеттік лотереялардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға бағынысты мемлекеттік мекемелерге" деген сөздер "жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "жергілікті атқарушы органдарға бағынысты" деген сөздер "жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "жергілікті атқарушы органдарға бағынысты" деген сөздер "



жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;  
оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны ластағаны үшін 50% мөлшерінде төленетін төлемдер;"

он бірінші абзацтағы "50% мөлшерінде" деген сөздер алып тасталсын;

он төртінші абзац алып тасталсын;

он бесінші абзацтағы "жергілікті атқарушы органдарға бағынысты мемлекеттік мекемелер" деген сөздер "жергілікті мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы он алтыншы - жиырма екінші абзацтармен толықтырылсын:

"жергілікті маңызы бар мемлекеттік автомобиль жолдарының жиегінде сервис және жарнама объектілерін орналастырғаны үшін төлем;

әкімшілік қамауға алынған тұлғалар орындаған жұмыстар мен қызмет көрсетулер үшін ұйымдардан түсетін түсімдер;

медициналық айықтырғыштарға орналастырылған адамдардың төлемдерінен түсетін түсімдер;

түзеу жұмыстарына сотталғандардың жалақысынан ұсталатын түсімдер;

стандарттардың талаптарына және сертификациялау ережелеріне сәйкес келмейтін өнімдерді сатудан, жұмыстар мен қызмет көрсетулерден алынған кіріс сомасынан түсетін түсімдер;

лицензиялық тәртіп белгіленген казино, тотализаторлар мен ойын бизнесінің лицензиясыз қызметтерінен түсетін кірістерден алынған түсімдер;

иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтемсіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер;"

в) тармақшасының төртінші абзацы "тұрақты жер" деген сөздердің алдынан "жер учаскелері мен" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 12-бапта:

1-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті деңгейде мектепке дейінгі, жалпы бастауыш, жалпы негізгі білім беруді, сондай-ақ жалпы орта және орта кәсіптік және қосымша білім беруді;"

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"жергілікті деңгейде арнаулы білім беру бағдарламаларын;"

алтыншы және жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті деңгейде азаматтарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін;

жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды;"

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"осы жәрдемақыларды заң актілеріне сәйкес жергілікті бюджеттен алатын азаматтар

санаттарына берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды;"

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті деңгейде әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі іс-шараларды және атаулы әлеуметтік көмекті;"

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті деңгейде мәдениет, спорт және ақпарат саласындағы қызметті;"

он екінші абзацтағы "өнеркәсіп" деген сөзден кейін ", көлік" деген сөзбен толықтырылсын;

он үшінші абзац "оның ішінде жергілікті мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау қорлары жүргізетін іс-шараларды" деген сөздермен толықтырылсын;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"елді мекендерді абаттандыруды, елді мекендердің жолдары мен көшелерін пайдалану мен салуды;"

он алтыншы абзац "пайдалану" деген сөзден кейін ", салу" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он жетінші абзацпен толықтырылсын:

"халықты ауыз сумен қамтамасыз ету және ағын суларды тазалау жөніндегі іс-шараларды;"

он тоғызыншы абзац алып тасталсын;

2-тармақта:

екінші бөліктегі "облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің актілерімен бекітілген" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, тиісті жергілікті бюджеттен басқа, өзге де қаржыландыру көздерінің есебінен ұстауға жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жергілікті бюджеттен шығыстар мен кредиттеудің жекелеген бағыттары бойынша немесе жекелеген жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміндегіден басқа, өзге де нормативтік құқықтық актілерде шығыстар мен кредиттеудің ең аз, шекті немесе тіркелген мөлшерлерін белгілеуге жол берілмейді.";

13) 13-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтері күтпеген шығыстарды қаржыландыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің құрамында құрылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

жергілікті атқарушы органдар резервтерінің құрамында:

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған қаражат;  
сот шешімдері бойынша тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеуге арналған қаражат;

кассалық алшақтықты жабуға арналған төмен тұрған бюджеттерді кредиттеу үшін арнаулы резерв көзделеді.

Сот шешімдері бойынша тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар резервтерінің құрамында көзделген қаражат толық көлемінде пайдаланылған жағдайда, соттың мұндай шешімдері бойынша өтелмеген міндеттемелері болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттардың тиісті шешімдеріне өзгерістер енгізу арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган резервінің мөлшерлерін ұлғайту туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне немесе тиісті жергілікті өкілді органға ұсыныс енгізеді.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

3-тармақтағы "бюджет" деген сөзден кейін "түсімдері" деген сөзбен толықтырылсын;

14) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу

1. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Президенті Бюджет комиссиясын құрады, оның міндеттері мен жұмыс тәртібін белгілейді. Бюджет комиссиясы қызметінің құқықтық негізін осы Заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды. Z990357\_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алдағы үш жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің болжамды көрсеткіштерін әзірлеп, бюджет комиссиясының қарауына ұсынады.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін бюджет комиссиясының мақұлдауына енгізеді.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімдерде мынадай болжамды көрсеткіштерді: облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне түсетін түсімдерді; облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылының аяғындағы борышының лимитін;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының борышын өтеу және оған қызмет көрсету шығыстарының көлемін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне келісуге ұсынады.

5. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімдерде бюджеттік өтінімдерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне енгізеді.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының көрсеткіштері негізінде, сондай-ақ облыстар, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің олармен келісілген болжамды көрсеткіштерін, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін ескере отырып, республикалық бюджет жобасының мынадай негізгі болжамды көрсеткіштерін:

республикалық бюджетке түсетін түсімдердің көлемін;

бағдарламалар (кіші бағдарламалар) деңгейіндегі республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша республикалық бюджет шығыстарының және оны кредиттеудің көлемін;

республикалық бюджет тапшылығының (профицитінің) мөлшерін;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылының аяғындағы борышының лимитін айқындап, бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

7. Бюджет комиссиясы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі енгізген республикалық бюджет жобасының негізгі болжамды көрсеткіштерін, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің негіздемелерін, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері енгізген жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштері бойынша келіспеушіліктерді қарап, республикалық бюджеттің жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу туралы ұсыныс әзірлейді.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын және алдағы үш жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің болжамды көрсеткіштерін әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын мақұлдағаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне осы баптың 4-тармағында көрсетілген келісілген болжамды көрсеткіштерді жібереді.

10. Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.";

15) 15-бапта:

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік акциялар пакеті бар акционерлік қоғамдардан және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардан алынатын түсімдердің толық тізбесін;"

төртінші абзацтағы ", оның ішінде жергілікті атқарушы органдарға

кредит беру үшін арнайы резервін" деген сөздер алып тасталсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бойынша міндеттемелерді орындау сомасын;"

жетінші абзац алып тасталсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылының аяғындағы борышының лимиті;"

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін;"

он екінші абзац алып тасталсын;

он үшінші абзацтағы "өтемін" деген сөз "өтем сомасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 18-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Жергілікті бюджеттерді әзірлеу, қарау және бекіту";

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар тапшылық көлемдерінің қаржы жылына белгіленетін тиісті жергілікті бюджеттердің тапшылығын қаржыландыру көлемдеріне сәйкес келмегені үшін жауапты болады.

3. Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жобасын әзірлеу үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджет комиссиясын құрады, оның міндеттері мен жұмыс тәртібін айқындайды. Бюджет комиссиясы қызметінің құқықтық негізін осы Заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың жергілікті бюджеттің

жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс жоспарын айқындайды.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітетін әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару тәсіміне сәйкес жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджет комиссиясы мынадай болжамды көрсеткіштерді:

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджетіне түсетін түсімдердің көлемін;

облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының тиісті қаржы жылының аяғындағы борышының лимитін;

облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстардың көлемін қарап , Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне келісу үшін табыс ету туралы ұсыныстар әзірлейді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісті бюджет комиссиясына бюджеттік өтінімдер енгізеді.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары параметрлерінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің болжамды көрсеткіштерінің, республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялардың және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке берілетін бюджеттік алулардың ұзақ мерзімді мөлшерлерінің негізінде, сондай-ақ аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларын, облыстық бюджет пен аудандардың (қалалардың) бюджеттері арасында кірістерді бөлудің тұрақты нормативтерін, облыстық бюджеттерден аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне берілетін субвенциялардың ұзақ мерзімді мөлшерлерін, аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен облыстық бюджеттерге берілетін бюджеттік алуларды ескере отырып, облыстың, Астана және Алматы қалаларының бюджет комиссиясы жергілікті бюджет жобасының мынадай негізгі болжамды көрсеткіштерін:

облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне түсетін түсімдердің көлемін;

жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша облыстық бюджет, Астана және Алматы қалалары бюджеттері шығыстарының және оларды бағдарламалар (кіші бағдарламалар) деңгейінде кредиттеу көлемін;

облыстық бюджет, Астана және Алматы қалалары бюджеттері тапшылығының (профицитінің) мөлшерін;

облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының тиісті қаржы жылының аяғындағы борышының лимитін;

облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының

борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстардың көлемін қалыптастырады және облыстың, Астана және Алматы қалаларының әкіміне мақұлдауға табыс етеді.

Облыстар мен Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары облыстың, Астана және Алматы қалаларының бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, тиісті жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлейді, аудандардың, қалалардың бюджеттеріне түсетін түсімдердің келісілген болжамды көлемін аудандардың, қалалардың әкімдеріне жеткізеді және 1 қыркүйекке дейін облыстар, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің болжамын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне табыс етеді.

Тиісті қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджетінің жобасын әзірлеу үшін аудан (қала) әкімі ауданның (қаланың) бюджет комиссиясын құрып, оның міндеттері мен жұмыс тәртібін айқындайды.

Жергілікті бюджеттің жобасын әзірлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.";

4-тармақта:

екінші абзацтағы "және бюджет тапшылығының (профицитінің)" деген сөздер ", бюджет тапшылығының (профицитінің) және бюджет тапшылығын қаржыландырудың (профицитін пайдаланудың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

бесінші абзацтағы "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "жергілікті атқарушы органының, облыстың, Астана және Алматы қалаларының тиісті қаржы жылының аяғындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстардың көлемі;";

жетінші абзац алып тасталсын;

тоғызыншы абзацта "оның ішінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленгеннен төмен емес көлемдегі ерекше маңызды жергілікті бюджеттік бағдарламалар" деген сөздер алып тасталып, "тізбесі қамтылуға тиіс" деген сөздердің алдынан "тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген" деген сөздермен толықтырылсын;

оныншы абзацтағы "өтеу" деген сөз "өтеу сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тиісті облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары мен аудандық (қалалық) бюджеттердің әзірлену және атқарылу процесіне, осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және облыстардың жергілікті атқарушы органдарының араласуына жол

берілмейді.";

6-тармақ алып тасталсын;

7-тармақтағы ", арнайы экономикалық аймақтардың қаржы қорларының ( бюджеттерінің)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында бөлінетін кірістер бойынша жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің көлемін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген мөлшерлерде жергілікті атқарушы органдардың ұсынысы бойынша жергілікті өкілді органдар бекітеді.";

17) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Жергілікті бюджетті нақтылау тәртібі

1. Жергілікті бюджетті атқарылуы барысында нақтылау осы Заңға сәйкес және заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда тиісті жергілікті атқарушы органның ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

2. Жергілікті бюджеттерді республикалық және жергілікті бюджеттер арасында заң актілеріне сәйкес бөлінетін түсімдер бойынша нақтылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісу облыстар,

Астана және Алматы қалалары әкімдерінің жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап он күн ішінде жүргізіледі.

3. Жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджетті нақтылау кезінде көзделетін қосымша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруды мәслихаттың тиісті шешімі қабылданғанға дейін жүзеге асыруға құқығы жоқ.";

18) 19-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Республикалық бюджеттен кредиттеу";

2-тармақ "жергілікті бюджеттерге" деген сөздерден кейін "кассалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерді кредиттеу үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген арнайы резерв шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 21-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Жергілікті бюджеттен кредиттеу";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:



"Облыстардың әкімдері қалалар (аудандық маңызы бар қалалардан басқа) әкімдерінің және қалалардағы аудандарды қоспағанда, аудандар әкімдерінің ұсынысы бойынша облыстық бюджеттен аудандық, қалалық бюджеттерге тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетте көзделген қассалық алшақтықты жабуға төменгі тұрған бюджеттерді кредиттеу үшін арнайы резерв шегінде кредиттер бере алады.";

20) 22-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы";

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылына арналған резервінің құрамында көзделген қассалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерді кредиттеу үшін арнайы резервтің есебінен республикалық бюджеттен,";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылының аяғындағы олардың борышының заңдарда белгіленген лимитінен және осы борышты өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстардың көлемінен асып түсуіне әкеп соқтыратындай мөлшерде қарыз алуына жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қалалардың (аудандық маңызы бар қалалардан басқа) және қалалардағы аудандарды қоспағанда, аудандардың жергілікті атқарушы органдарының қассалық алшақтықты жабуға тек облыстық бюджеттен ғана қарыз алуға құқығы бар.

Қассалық алшақтықты жабуға қарыз алу қаржы жылының шегінде алты айға дейінгі мерзімге жүзеге асырылуы мүмкін және жергілікті бюджетті нақтылауды қажет етпейді

Егер республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне (облыстық бюджеттерден аудандардың, қалалардың бюджеттеріне) қассалық алшақтықты жабуға берілген кредиттер белгіленген мерзімде өтелмеген болса, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (облыс әкімі) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен өтелмеген борыштың сомасын есептен шығару үшін тиісті жергілікті бюджеттің ағымдағы шотындағы барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқылы.";

21) 24-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Республикалық бюджеттің атқарылуы кассалық негізде жүзеге асырылады  
Заң актілерінде көзделген жағдайларда республикалық бюджетке тауарлық немесе заттай бөліктегі түсімдерге және оларды республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің жұмсауына байланысты операциялар республикалық бюджетте ақшалай нысанда көрсетіледі.

Заттай нысанда жүзеге асырылатын ресми трансферттер (гранттар) республикалық бюджетте көрсетілмейді.

Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен, Қазақстан Республикасының Президенті немесе Үкіметі бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес орталық атқарушы органдарға ақшалай нысанда берілетін ресми трансферттердің (гранттардың) түсуі және олардың жұмсалуды жөніндегі операциялар республикалық бюджетте көрсетілуге тиіс.

1-2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі уақытша бос бюджеттік ақшаны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қазынашылық органдарының шоттарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) орналастыруға құқылы.";

2-тармақтың екінші абзацындағы "не бюджет қаражатын қазынашылық рұқсаттарда көзделмеген мақсаттарға пайдаланатын заңды және жеке тұлғалардың банк шоттарына инкассалық өкімдер қою арқылы" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер:";  
екінші абзац "міндеттемелерді" деген сөзден кейін "бюджеттік ақшалардың есебінен" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "мемлекеттік мекемелердің" деген сөздерден кейін "егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің атқарылуы барысында тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген жекелеген республикалық бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың арнаулы тәртібін белгілеуге құқылы.";

22) 25-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Жергілікті бюджеттің атқарылуы кассалық негізде жүзеге асырылады.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда жергілікті бюджетке тауарлық немесе заттай бөліктегі түсімдерге және оларды жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің жұмсауына байланысты операциялар жергілікті бюджетте ақшалай нысанда көрсетіледі.

Заттай нысанда жүзеге асырылатын ресми трансферттер (гранттар) жергілікті

бюджетте көрсетілмейді.

1-2. Жергілікті бюджеттің кассалық атқарылуын жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық органында тиісті жергілікті бюджеттің ағымдағы шотының қаражаты есебінен және соның шегінде жүзеге асырады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бюджет қаражатын кері қайтарып алу бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық рұқсатындағы шығыстардың тиісті ерекшелігі бойынша ағымдағы қаржыландыруды қаржылық рұқсаттармен көзделмеген мақсаттарға бөлінген қаражатты пайдалану сомасына азайту арқылы жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жергілікті бюджеттен ұсталатын мемлекеттік мекемелер тиісті қаржы жылына арналған бюджет заңы белгілеген бюджеттік тағайындаулардың сомасынан артық бюджеттік ақшалардың есебінен өздеріне міндеттемелер алуға құқылы емес.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер бюджетті атқару барысында жергілікті атқарушы органдар төмен тұрған бюджеттердің шығысын көбейтетін не кірісін азайтатын нормативтік құқықтық актілер қабылдаса, бұл бюджеттерге қаражат жоғары тұрған бюджеттерден өтеледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен орталық атқарушы органдарының облыстар, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің шығыстарын көбейтетін нормативтік құқықтық актілері келесі қаржы жылынан ерте күшіне енбейтіндей болып белгілене отырып қабылданады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жергілікті атқарушы органдар үшін кез келген нысанда өзіне міндеттемелер қабылдауға тыйым салынады.

Жергілікті атқарушы органдарға үшінші бір тұлғалар үшін кез-келген нысанда өзіне міндеттемелер қабылдауға тыйым салынады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерді жергілікті бюджеттерден ұстауға жол берілмейді.

Мемлекеттік мекемені жергілікті бюджеттердің әртүрлі деңгейлерінен ұстауға жол берілмейді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтары жоғары тұрған бюджетке алуға жатпайды.

Қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтары қаржы жылының ішінде жергілікті атқарушы органдардың негізгі борышын өтеуге пайдаланылады.

Ағымдағы қаржы жылында жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеу

жөніндегі міндеттемелер болмаған жағдайда қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтары бюджеттің тапшылығын арттыру жолымен тиісті жергілікті бюджетті нақтылау туралы жергілікті өкілді органның шешімі негізінде жергілікті бюджеттің осының алдындағы қаржы жылдарының қорытындылары бойынша пайда болған кредиторлық берешегін өтеуге, ал кредиторлық берешек болмаған жағдайда - жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсалуды мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Жергілікті өкілді органдар әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару тәсімін өзгерту туралы шешім қабылдаған жағдайда облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бюджетті атқару барысында жергілікті бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыратын жергілікті мемлекеттік органдардың тізбесіне және осы мемлекеттік органдар жүзеге асыратын бағдарламалар бойынша бюджеттік тағайындаулар сомасына ағымдағы қаржы жылына арналған бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген бағдарламалар сомалары шегінде өзгерістер енгізуге құқылы.";

23) 28-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік мекемелердің тек қана бюджеттік шоттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда басқа да шоттары болуы мүмкін.

Мемлекеттік мекемелер, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында ғана шот ашады.";

24) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп беру

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымынан кешіктірмей түсіндірме жазбамен және қосымшалармен бірге берілген есепті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Парламенті мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне табыс етеді. Есепті қаржы жылына арналған Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп республикалық бюджеттің есепті жылға арналып бекітілген құрылымы бойынша табыс етіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша республикалық бюджеттің кіші бағдарламалар деңгейінде атқарылуы туралы айлық есепті табыс етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдар есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей жергілікті өкілді органдарға түсіндірме жазбамен және қосымшалармен бірге есепті қаржы жылына арналған тиісті жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп табыс етеді. Есепті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп жергілікті бюджеттің есепті жылға арналып бекітілген

құрылымы бойынша табыс етіледі.

Аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары облыстың жергілікті атқарушы органына есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша тиісті бюджеттің атқарылуы туралы айлық есепті табыс етеді.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша облыстың, Астана және Алматы қалалары бюджетінің атқарылуы туралы айлық есепті табыс етеді.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша мемлекеттік, республикалық бюджеттердің және облыстар, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің атқарылуы туралы айлық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Парламентіне табыс етеді.

4. Жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бюджетті атқару және бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алуға міндетті.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар

тиісті бюджеттердің атқарылуы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында тоқсан сайынғы есептерді жариялап отырады.";

25) 30-баптың 2-1-тармағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК